

6 дәріс. Германия музейлері

Мақсаты: студенттерге Германия музейлерінің тарихы, олардың әлем мәдениетіндегі алатын орны туралы оқытып үйрету болып табылады.

Дәрістің жоспары:

1. Берлин мемлекеттік музейі. Брауншвейг. Герцог Антон Ульрих музейі.
2. Бремен Кунсткале. Гамбург өнер музейі. Дрезден сурет галереясы
3. Карлсруэ Кунсткале. Кельндегі Вальраф-Рихартс музейі, Людвиг музейі.
4. Мюнхен. Жаңа Пинакотека, Ескі Пинакотека.
5. Франкфурт-на-Майнедегі Штедель өнер институты. Штутгардтағы Мемлекеттік галерея.
6. **Кілт сөздер:** музеология, музейтану, көркемсурет, галерея, ЮНЕСКО, ICOM

Берлин мемлекеттік музейі. Берлин мемлекеттік музейі — әлемдегі ірі музей кешендерінің бірі. 1830 жылы Пруссия королы және бранденбургтық курфюрстер коллекциясы негізінде құрылған. Музейдің негізгі бөлігі шығыс Берлиндегі «музей аралында» орналасқан. Музейдің ең алғашқы ғимараты 1823-1830 жылдары архитектор, классицизм шебері Карл Фридрих Шинкель басшылығымен салынған. 1876 жылы Ескі Ұлттық галерея ашылып, онда ХІХ ғасырдағы көркемсурет пен мүсіндер, Петер фон Корнелиус, Адольф фон Менцель, Ханс Том, Ансельм Файербах, Арнольд Беклин, Ханс фон Маре, Вильгельм Лейбль, Вильгельм Трюбнер, Макс Либермен, Ловис Коринт, Эдуарт Мане, Клод Моне, Пьер-Огюст Ренуар, Эдгард Дега, Поль Сезанн, Огюст Роден жұмыстары топтастырылған.

Пергамон музейі – аралдағы ең танымал музей. Құндылықтар қатарында Ежелгі Рим, Грекия, Вавилон, Ассирия, Египет, Шығыс Азия, ерте ислам, ерте христиан өнері туындылары, эллинизм дәуірінің туындысы Пергам алтары, сондай-ақ Иштар қақпасы, Нефертити бюсті бар. Жаңа музей және Бордо музейі – көркемсурет, гравюра, монеталар коллекциясы музейлері. Музейлер аралы 1999 жылы әлемдік мәдени мұралар ретінде ЮНЕСКО тізіміне енгізілді.

Берлиннің мемлекеттік музейі кешеніне Берлин-Далем музейі де енеді. 1957 жылы негізі қаланған, құрамында Египет, Антика, Ислам, Индия, Қиыр шығыс өнері, Неміс халық өнері, Этнография, Қолданбалы өнер, Алғашқы қауым және ежелгі дүние музейлері, Картиналар галереясы, Жаңа ұлттық галерея бар. Жаңа ұлттық галерея ХХ ғасыр көркемсуреті мен мүсіндерін, Эдвард Мунка, Эрнст Людвиг Кирхнер, Пабло Пикассо, Паул Кле, Лайконел Фейнинджер, Отто Дикс, Оскар Кокошки жұмыстарын қамтыған. Далемнің картина галереясы көне шеберлер жұмыстарын сақтап отырған Еуропадағы ірі қор. 72 залдан тұратын галереядан Ян ван Эйк, Үлкен Питер Брейгель, Альбрехт Дюрер, Рафаэль, Тициан, Микеланджело да Караваджо, Ян Вермеер, Конрад Витц, Ганс Бальбунг Грин, Үлкен Лукас Кранах, Кіші Ганс Гольбейн, Каналетто, Антуан Ватто, Томас Гейнсборо жұмыстарын көруге болады.

Рембрандттың 16 жұмысы, Рафаэльдің 5 мазмұндағы Мадоннасы арнайы залдарда қойылған.

Брауншвейг. Герцог Антон Ульрих музейі. Брауншвейгтегі Герцог Антон Ульрих музейі — Германиядағы ірі өнер музейлерінің бірі, 1754 жылы Антон Ульрих коллекциясы қоры негізінде құрылған. Қазіргі ғимараты 1887 жылы архитектор Оскар Зоммердің жобасымен салынған. XV-XVIII ғасырлар өнер туындыларынан Лукас Кранах, Кіші Ганс Гольбейн, Ганс фон Ахен, Ганс Роттенкаммер, Адам Эльскаймер, Иоганн Шенфельд, Иоганн Генрих Тишбейн, Якоб Филипп Хакер; итальян өнерінің қайта өркендеу және барокко дәуірінің Джорджоне, Пальма Веккио, Паоло Веронез, Якоп Тинторетто, Орацио Джентилески, Бернандо Кавалино, Маттиа Прети; фламандық өнерден Якоб Йорданс, Питер Пауль Рубенс, Антонис ван Дейк; нидерланды көркемөнері залында Солтүстік қайта өркендеу және «Алтын ғасыр» суретшілері Лукас Ван Лейден, Корнелис Ван Харлем, Питер Ластман, Рембрандт, Ян Ван Гойен, Якоб Ван Рейнсдал, Ян Стен, Ян Вермеер; француз суретшілерінен Симон Вуэ, Гиацинт Риго, Никола де Ларжильер, Франсуа Буше, Жан Батист Грез туындылары сақталған. Музейде 100000-нан астам гравюра, 10000-нан астам суреттер және қолданбалы өнер туындылары бар.

Бремен. Кунсткале. Бремен Кунсткалесі Германиядағы ірі музей, қалалық өнерсүйгіштер коллекциясы негізінде қалыптасып, 1849 жылы ашылған. Жаңа ғимараты архитектор Эдуард Гильдемейстер жобасымен салынып, 1902 жылы пайдалануға берілген. Кунсткале коллекциясының негізін XIX-XX ғасырларға саятын көркемсурет, гравюра, мүсін шеберлерінің туындылары құрайды. Музейде Вильгельм Лембрук, Эрнаст Барлах сияқты мүсіншілердің, Клод Моне, Эдуард Мане, Камиль Писсарро, Пьер-Огюст Ренуар, Эдгар Дега, Анри де Тулуз-Лотрек, Поль Сезанн сияқты әлемге белгілі импрессионистердің, Оскар Кокошки, Эдвард Мунк, Макс Пехштейн сияқты экспрессионистердің, Ловис Коринт, Макс Либерман, Макс Слефогт, Каспар Давид Фридрих, Макс Клиптер, Адольф фон Менцел, Эрик Хекел, Вильгельм Трюбнер сияқты неміс суретшілерінің туындылары бар.

Гамбург. Өнер музейі. Гамбургтегі Өнер музейі — Германиядағы ірі музейлердің бірі, 1869 жылы Гамбургтік Өнер қоғамының бастамасымен құрылған, архитектор Георг Теодор Ширмахердің басшылығымен салынған ғимаратқа орналасқан. Музей қорында көне шеберлер, XIX ғасыр, классикалық модернизм, қазіргі заманғы өнер туындылары жинақталған. Көне шеберлер галереясында солтүстік герман суретшілері, XVII ғасыр голланд өнері, қайта өркендеу дәуірі, XVI-XVIII ғасырлардағы француз суретшілері Үлкен Ганс Гольбейн, Үлкен Ганс Бургкмайр, Ян Максейс, Питер Янс Сандредам, Эммануэл де Вит, Рембрандт, Якоб Ван Рейсдал, Питер Пауль Рубенс; гамбургтік суретшілер Франк, Георг Хинц, Бальгазар Деннер; ал XIX ғасырдағы неміс көркемсуреті тарихы экспозициясында Филипп Отто Рунег, Иозеф Антон Кол, Юлиус Шнорр фон Каролсфелд, Каспар Давид Фридрих, Ансельм Фейербах, Ханс фон Маре, Адольф фон Хильдебранд, Адольф Менцел, Вильгельм Лейбл туындылары; XIX ғасырдағы француз суретшілерінен Гюстав Курбе, Камил Коро, Онор Домье, Эдгар Дега, Анри де

Тулуэ-Лотрек, Поль Гоген, Пьер-Огюст Ренуар, Эдуард Мане, Клод Моне, Альфред Сислей, Поль Сезан; барбизиондық мектептен Теодор Руссо, Шарл Франсуа Добиньи, Констан Труайон туындылары; сондай-ақ ХХ ғасырдағы Германия өнері тарихын қамтитын экспонаттар қойылған.

Дрезден сурет галереясы — Германияның Дрезден қаласындағы әлем суретшілерінің таңдаулы туындылары жинақталған сурет көрмесі, негізі 1722 жылы қаланған. Дрезден сурет галереясы ХVІ ғасырда саксондық курфюрсттер Кунсткамерасының (сирек кездесетін заттарды жинайтын орын) бір бөлімі ретінде құрылған. ХVІІІ ғасырда кеңейтіліп, ХІХ ғасырдың ортасында музейге айналды. Ғимарат құрылысын 1847 жылы архитектор Г.Земпер бастап, 1855 жылы архитектор Крюгер аяқтаған ғимарат Цвингер саксондық курфюрстер резиденциясына кіреді. Коллекция жинау ісі саксондық курфюрст Фридрих ІІІ (1486-1525) билігі тұсында басталған, ол әртүрлі раритеттерді сатып алған, Лукас Кранах, Альбрехт Дюрер сияқты атақты суретшілерге тапсырыс берген. 1560 жылы Август І Кунсткамера құрып, онда табиғат ескерткіштерін, ескі монеталар, ыдыстар, картиналар, механикалық аппараттар, зерттеу құрал-жабдықтарын жинаған. Саксония билеушілері жинаған құндылықтарды Виттенберг сарайында сақтаған. ХV ғасырдың аяғында Дрезден астана болғанда коллекция Кунсткамераға көшірілген. Коллекция жинау ХVІІ ғасырда жоғары қарқын алған, осы кезеңде Я. Ван Рейсдаль, Питер Пауль Рубенс, Паоло Веронез жұмыстары сатып алынған. Август ІІ билігі тұсында (1670-1733) коллекция құндылықтарының қатары одан әрі көбейген, ол Никола Пуссеннің «Флора патшалығы», Джорджоненің «Ұйқыдағы Венера», т.б. атты шедеврлерді сатып алған. Август ІІ 1722 жылы Цвингер ансамблі құрылысын салу кезінде көркемсурет туындыларын, басқа коллекциядан бөлген. Сол кезде Гравюра кабинеті, Фарфор музейі, ғылыми-жаратылыстану музейі, Мүсіндер мен картиналар галереясы құрылды. Галерея алғашында Неміс және Француз павильонның жоғарғы қабатында орналасып, онда 1855 жылға дейін жұмыс жасаған. Бұл кезде галерея қоры 1995 бірлікті құраған. Ал Август ІІІ билігі тұсында оның агенттері Париж, Рим, Амстердам, Прага аукциондарын ең үздік деген жұмыстарды сатып алған, 1745 жылы Италиядан герцог Моден д'Эсте коллекциясынан 100 картинаны иеленген. Август ІІІ тек 1742 жылы 700 картина иеленген. Дрезден галереясында ХV-ХVІІІ ғасырлардағы италиялық (Рафаэль, Джорджоне, Тициан, Веронез, Корреджо, т.б.), ХVІІ ғасырдағы голланд және фламанд (Рембрандт, Ян Вермеер, Питер Пауль Рубенс, т.б.), испан (Диего Веласкес, Хусеп Рибера, т.б.), ХVІІ-ХVІІІ ғасырлардағы француз (Никола Пуссен, Антуан Ватто, т.б.), ХVІ ғасырдағы неміс (Альбрехт Дюрер, Ганс Гольбейн, т.б.) суретшілерінің картиналары қойылған. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде немістер галереяны қала сыртындағы үңгірге көшіріп, тығып тастаған. Соғыс біткен соң 1945 жылы галерея КСРО-ға көшіріліп, ал 1955 жылдың жазында ГДР-ге қайтарылады. 1956 жылдың маусым айында Дрезденде қайтадан ашылды.

Карлсруэ. Кунсткале. Карлсруэдегі Кунсткале 1846 жылы Баден графтарының коллекциясы негізінде құрылған ең көне өнер галереясының

бірі. Ғимараты архитектор Генрих Хобша жобасымен салынған. Музейде XIV-XX ғасырлар аралығында салынған 800-ден астам туынды бар, олардың қатарында солтүстік қайта өркендеу (Ганс Балдунг Грин, Ганс Леонард Шейфелейн, т.б.), барокко дәуірінің фламан шеберлері (Якоб Йорданс, т.б.), неміс романтиктері (Юлиус Шнорр фон Карольсфельд, Фридрих Овербек, Мориц фон Швинд, т.б.) туындылары бар. Көп жылдар осы Кунскаленің директоры қызметін атқарған Ганс Томның, сондай-ақ XX ғасыр неміс өнері туындылары сақталған. Музей қорындағы мыс гравюралар саны 80000 данадан асады.

Кельн. Вальраф-Рихартс музейі. Музей 1861 жылы Вальраф пен Рихартстың сыйға тартқан коллекциясы негізінде ашылған, музей ғимараты Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде қирап, 1957 ғимарат қайта салынған. Музей қорында Кельндік ортағасырлық 290 полотно, әр кезеңде салынған 75000-нан аса гравюра сақталған. Қайта өркендеу және барокко дәуірінің (Альбрехт Дюрер, Иороним Боск, Франс Хальц, Рембрандт, Питер Пауль Рубенс, т.б.), импрессионистердің (Пьер Огюст Ренуар, Клод Моне, Винсент Ван Гог, т.б.), XIX-XX ғасырлардағы неміс суретшілері (Вильгельм Лейбль, Макс Эрнест, Пауль Клее, Эрнест Людвиг Кирхнер, т.б.) туындылары сақталған.

Кельн. Людвиг музейі. Музей 1976 жылы Питер Людвигтің қалаға сыйға тартқан коллекциясы негізінде ашылған, 1986 жылы музей Петер Бусман, Готфрид Хаберер басшылықтарымен салынған ғимаратқа көшірілген. Музей қорында Питер Людвигтің әйелі Ирена Людвиг жинаған Пабло Пикассоның 774 туындысы, соның қатарында «Артишокты әйел», «Арлекин» сияқты шедеврлер, фотосуреттер, графикалар, сызбалар, акварельдер, 8000-нан аса гравюра; XX ғасырдың поп-арт суретшілері, герман көркемсуретшілері, орыс авангардтарының жұмыстары жинақталған.

Мюнхен. Жаңа Пинакотека. Жаңа Пинакотека 1853 жылы король Людвиг I Баварскийдің басшылығымен ашылып, архитектор Александр фон Бранктың басшылығымен салынған ғимаратқа орналасқан. Классицизмнен модернге дейінгі 3000 полотно; ағылшын көркемөнері (Томас Гейнсборо, Джон Констебл, Джошуа Рейнольдс, Давид Уилки, Томас Лоренс, т.б.); неміс көркемөнері (Фридрих Овербах, Вильгельм фон Шадов, Каспар Давид Фридрих, Вильгельм Лейбл, Макс Либерман, Ловис Коринт, т.б.); импрессионистер мен постимпрессионистер (Пьер Огюст Ренуар, Эдуард Моне, Винсент Ван Гог, Альфред Сислей т.б.); XIX-XX ғасырлар өнері (Джованни Сегантини, Густав Климт, Джеймс Энсор, т.б.) сақталған.

Мюнхен. Ескі Пинакотека. Ескі Пинакотеканың негізін 1528 жылы герцог Вильгельм IV фон Виттельбах қалаған, ол өз резиденциясын көркемдеу мақсатында Германияның сол кездегі атақты шеберлерін жинап тапсырыс берген. Музейдің қазіргі ғимараты архитектор Лео фон Кленцтің басшылығымен 1826-1836 жылдар аралығында салынған. Музей қорында XIV-XVIII ғасырларға саятын бірнеше мыңдаған өнер туындылары бар, қордағы экспонаттарды қоспағанда тек экспозицияға 900-ден аса полотно қойылған. Герман көркемөнері (Стефан Ляхнер, Үлкен Ганс Гольбейн, Үлкен Лукас Крапах, т.б.); Нидерланды, фламан көркемөнері (Рогир Ван дер Вейден,

Ганс Мемлинг, Үлкен Питер Брейгел, Антонис Ван Дейк, Рембрандт, Франс Хальц, Пауль Рубенс т.б.); Қайта өркендеу дәуірі (Джотто, Фра Анджелико, Филиппо Липпи, Сандро Боттичелли, Леонардо да Винчи, Рафаэль, Тициан, Джаванни Батиста Тьеполо, т.б.); француз, испан көркемөнері (Никола Пуссен, Клод Лорен, Жан Оноре Фрагонар, Франсуа Буше, Барталом Эстебан Мурильо, Диего Веласкес т.б.) туындылары бар.

Франкфурт-на-Майне. Штедель өнер институты. Музей негізі 1818 жылы кәсіпкер Иоганн Фридрих Штедельдің мұрагерлікке қалдырған коллекциясы негізінде ашылған, музейдің қазіргі ғимараты 1878 жылы салынған. Музей қорында XIV-XX ғасырлар аралығындағы Еуропа шеберлерінің туындылары, 2700-ден аса картина (оның 600-і экспозицияға қойылған), 100000-нан аса графика, гравюралар, 600-ден аса мүсін бар, сондай-ақ музей қоры қазіргі заманғы өнер туындыларымен толықтырылып отырады. Мұнда атақты шеберлерден Сандро Боттичелли, Ян Веерман, Бартоломео Венето, Генрих Вильгельм Тишбейн, Винсент Ван Гог жұмыстары сақталған.

Штутгарт. Мемлекеттік галерея. Музей негізі 1843 жылы қаланған, 1984 жылы Мемлекеттік галерея ретінде қайта құрылған. Жаңа ғимараты 1977-1983 жылдары архитектор Джеймс Стирлинг жобасымен салынған. Музейде орта ғасырлардан бүгінгі күнге дейін қамтитын фотоқұжаттар, мүсіндер, графика, гравюра, көркемсурет туындыларының мол қоры, соның ішінде қайта өркендеу, барокко дәуірінің, XVI-XVII ғасырлар итальян шеберлерінің туындылары, Пабло Пикассо, Анри Матисс, Оскар Шлеммер, Хуан Миро, Сальвадор Дали сияқты ірі суретшілердің туындылары жинақталған.

Сұрақтар:

1. Берлин Мемлекеттік музейінің ерекшелігі.
2. Дрезден картина галереясының мәдени мұралары.
3. Штеделев өнер институты қорының ерекшелігі.

Әдебиеттер:

1. 100 великих музеев мира. Величайшие сокровища человечества на пяти континентах / Пер. С нем К.Ф.Лунина, А.В.Миловердовой, Е.П.Рубцовой. – М.: Мир книги, 2006.
2. Сотникова С.И. Музеология. - М., 2010.